

Сабақтың тақырыбы:
Салалас құрмалас
сөйлемді қайталау.

- **Сабақтың мақсаты:**
- **А) Білімділік:** Құрмалас сөйлемдердің басты белгілерін білу, құрылысын, құрамын ажырату, тыныс белгілерін дұрыс қойып жаза білуге үйрету;
- **Ә) Дамытушылық:** Ынта қойып тыңдау, жазу талдау машықтарын қалыптастыру, сөздік қорын, сөз байлығын дамыту, талдау және салыстыра білу дағдыларын дамыту;
- **Б) Тәрбиелік:** Ұлттық салт-дәстүрді қадірлей білуге, еңбекті сүюге, жүйелі сөйлей білуге тәрбиелеу.
- **Сабақ көрнекіліктері:** Сызба, интерактивті тақта, семантикалық карта.
- **Пәнаралық байланыс:** тарих, әдебиет, өмір.

- **Ұйымдастыру.**
- Оқушылармен амандасу
- Кезекшілермен сұхбаттасу
- Сыныпты үш топқа бөлу
- Бүгінгі сабағымыздың мақсаты салалас құрмалас сөйлем түрлері туралы алған білімдеріңді тиянақтап, пысықтау. Салалас құрмалас сөйлемдерді мағыналық түрлерін салыстыра отырып, талдау жұмыстарын жүргізуді үйрену.

Сабақ жоспарымен таныстыру:

- I бөлім – «Менің елім»
 - (сұрақ-жауап);
- II бөлім – «Білімпаздардың қалашығы»
 - (салалас сөйлемдерге талдау жүргізу);
- III бөлім – «Тапқырлар аялдамасы»
 - (ойын – мақал-мәтелдің жалғасын табу);
- IV бөлім – Тест сұрақтары;
- V бөлім – Венн диаграммасы
 - (салалас құрмалас сөйлем мен сабақтас құрмалас сөйлемнің ұқсастықтары мен ерекшеліктерін анықтау).

- Балалар бүгінгі сабағымыздың ұраны: *«Еңбек ерлікке жеткізер, ерлік елдікке жеткізер»*. Осы нақыл сөздің мағынасын және сөйлем түрін айтап өтейік (жауап тыңдалады).
- Ал бүгінгі сабағымыз «Білім керуені» деп аталады және сол қалыпта жүргізіледі.
- «Керуен» дегеніміз – алыс жерге жүк тасу немесе сауда жасап қайтуға арналған көлік тізбегі. Өздерің қандай керуен жолын білесіңдер?
- «Ұлы Жібек жолы» - ежелгі дәуір мен орта ғасырларда Шығыс пен Батысты байланыстырып тұратын, Жерорта теңізінен Қытайға дейін Еуразияны қақ жарып өткен керуен жолы.
-
- Енді бүгінгі сабағымызға кірісейік.

I бөлім – «Менің елім». Сұрақ – жауап.

- 1. Сөйлемнің қандай түрлері бар?
- 2. Салалас құрмалас сөйлем дегеніміз не?
- 3. Қазақстан қай жылы тәуелсіздік алды?
- 4. Ыңғайлас салалас дегеніміз не?
- 5. Елтаңбаның авторы кім?
- 6. Себеп-салдар салалас дегеніміз не?
- 7. Жай сөйлем дегеніміз не?
- 8. Қарсылықты салалас дегеніміз не?
- 9. Абайдың «Қара сөзі» қанша?
- 10. Құрмалас сөйлем дегеніміз не?
- 11. Қазақтың ақын, жазушыларын ата.
- 12. Түсіндірмелі салалас дегеніміз не?
- 13. Талғаулы салалас дегеніміз не?
- 14. Өнұранның авторы кім?
- 15. Кезектес салалас дегеніміз не?

II бөлім – «Білімпаздардың қалашығы», семантикалық карта.



III бөлім – «Тапқырлар аялдамасы» ойыны.

Шарты: мақал-мәтелдің жалғасын табу.

- 1. Жалғыздың үні шықпас, (жаяудың шаңы шықпас).
- 2. Қоянды қамыс өлтіреді, (жігітті намыс өлтіреді).
- 3. Жақсы жаныңа жолдас, (жаман малыңа жолдас).
- 4. Алтау ала болса ауыздағы кетеді, ... (төртеу түгел болса төдегі келеді).
- 5. Өнерлінің қолы алтын, (өлеңшінің сөзі алтын).
- 6. Ат жаманы жолда қалдырар, (жолдас жаманы қолда қалдырар).

«Тест сұрақтары»

Көктем келді, дегенмен күн жылына қоймады.

- A. Ыңғайлас салалас;
- B. Себеп-салдар салалас;
- C. Қарсылықты салалас;
- D. Түсіндірмелі салалас;
- E. Талғаулы салалас;
- F. Кезектес салалас.

Күн батты, тауды қара көлеңке басты.

- A. Ыңғайлас салалас;
- B. Себеп-салдар салалас;
- C. Қарсылықты салалас;
- D. Түсіндірмелі салалас;
- E. Талғаулы салалас;
- F. Кезектес салалас.

1993 жылы 18-қаңтарда тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Ата Заңы қабылданды, алайда ол кейін бірнеше рет толықтырылды.

- A. Ыңғайлас салалас;
- B. Себеп-салдар салалас;
- C. Қарсылықты салалас;
- D. Түсіндірмелі салалас;
- E. Талғаулы салалас;
- F. Кезектес салалас.

Мезгіл кешкіріп кетті, сондықтан амалсыз қонуға тура келді.

- A. Ыңғайлас салалас;
- B. Себеп-салдар салалас;
- C. Қарсылықты салалас;
- D. Түсіндірмелі салалас;
- E. Талғаулы салалас;
- F. Кезектес салалас.

Әйелдің жалғыз жетістігі бар: - ол дақ түспеген ары. (Ж. Баласағұн).

- A. Ыңғайлас салалас;
- B. Себеп-салдар салалас;
- C. Қарсылықты салалас;
- D. Түсіндірмелі салалас;
- E. Талғаулы салалас;
- F. Кезектес салалас.

Жүргенше қара бет боп өлген артық;

Не өлтір, не кеш тағы қолымды шеш. (Шәкәрім)

- A. Ыңғайлас салалас;
- B. Себеп-салдар салалас;
- C. Қарсылықты салалас;
- D. Түсіндірмелі салалас;
- E. Талғаулы салалас;
- F. Кезектес салалас.

Ол біресе жылайды, біресе түк болмағандай күледі.

- A. Ыңғайлас салалас;
- B. Себеп-салдар салалас;
- C. Қарсылықты салалас;
- D. Түсіндірмелі салалас;
- E. Талғаулы салалас;
- F. Кезектес салалас.

Балалар ертеңгі тамақтарын ішіп болды да, далаға қарай жүгірді.

- A. Ыңғайлас салалас;
- B. Себеп-салдар салалас;
- C. Қарсылықты салалас;
- D. Түсіндірмелі салалас;
- E. Талғаулы салалас;
- F. Кезектес салалас.

Ананың сөйлеуге шамасы келмеді, өйткені қатты қорыққан болатын.


- A. Ыңғайлас салалас;
- B. Себеп-салдар салалас;
- C. Қарсылықты салалас;
- D. Түсіндірмелі салалас;
- E. Талғаулы салалас;
- F. Кезектес салалас.

Өзі кетіп құтылды, әйтпесе өзіміз тастатқалы жүр едік.

- A. Ыңғайлас салалас;
- B. Себеп-салдар салалас;
- C. Қарсылықты салалас;
- D. Түсіндірмелі салалас;
- E. Талғаулы салалас;
- F. Кезектес салалас.

V бөлім – Венн диаграммасы

(салалас құрмалас сөйлем мен сабақтас құрмалас сөйлемнің ұқсастықтары мен ерекшеліктерін анықтау).



- **Бекіту:** - Балалар, бүгін біз сендермен
- қандай тақырып төңірегінде әңгімеледік?

- **Қорытындылау:**
- нені өттік?
- нені үрендік?
- нені білдік?

Бағалау

- Оқушының сабаққа қатысу белсенділігіне қарай білімдері бақылау парағына бағаланады.
- Бақылау парағы.

Рефлексия:





Назарларыңызға
рахмет